

endangerment. Of course, the pressures of globalization are experiencing not only the languages of indigenous peoples, but also the languages of larger linguistic communities. The most important area of dialogue organized by the national language is the verbal sphere of national culture. Of course, the acquisition of the English language that role can not be treated uniquely. The positive side of this process is obvious: the general command of the English language provides a natural human need for understanding on a global scale.

However, the distribution of a second language violates other natural human need: the desire in all circumstances to use their mother tongue, the development in early childhood. People are forced to have to learn a foreign language, although still is, capable of conscious learning of languages. So every culture tries to learn English and put little effort in learning their native language. Because in doing international business people need to learn English rapidly. Many scientists fear that the dominance of the English language can lead to a complete change of the language system, which under the influence of Anglo-American linguistic culture will bend the mental space of the native language. We believe that there is no reason for concern, because the English language - it is an opportunity due to the global information flow, with the result that every person can become an equal part of the global cultural community. Globalization phenomena will be dominating in the future; it is our urgent task to outweigh the advantages and disadvantages of the globalization process, and find a way to benefit both national language and global values.

The globalization of language, on the one hand, is inevitable, since a person living in society, in one way or another, in order to be understandable, it will be guided in linguistic expression by this is society. On the other hand, the globalization of the language is a necessity, since it accompanies socio-political and economic processes. However, humanity is unlikely to ever see the end result of globalization, since the globalization of language and languages is at he process is endless.

References

1. *Левицкий А. Э.* (1) Особенности взаимодействия языков и культур в эпоху глобализации / Андрей Эдуардович Левицкий // Русский язык и поликультурном мире: III Международная научно-практическая конференция (6 – 9 июня 2009 года, г. Ялта): Сб. науч. тр. – К. – Ялта, 2010. – С. 82–87. [труды конференций](#)
2. Oxford Dictionaries Online.
http://oxforddictionaries.com/view/entry/m_en_gb0337920#m_en_gb0337920. [интернет](#)
3. *Bhagwati J.* In Defense of Globalization / Jagdish Bhagwati. – Oxford, NY: Oxford University Press, 2004. – 320 p. [интернет источники](#)
4. *Ricento Th.* Language Policy and Globalization / N. Coupland (ed.) The Handbook of Language and Globalization. – L.: Wiley-Blackwell, 2010. – P. 125 [книга](#)
5. *Ota N.* (1) Cross-Cultural Communication through Japanese: Communicating with Japan through high school education / D. J. Dicks (ed.) Communicating with Japan: Images Past, Present and Future – An Interdisciplinary Anthology. – Montreal: Concordia University Press, 1995. – P. 119. [статьи из журнала](#)

МРНТИ 14.35.09

¹ Adilbayeva U. B., ² Minghat A. D. Duisenbayeva Sh.

¹ Faculty of Philology and World Languages, Al-Farabi Kazakh National University

² Razak Faculty of Technology and Informatics, Universiti Teknologi Malaysia

THE IMPORTANCE OF LANGUAGE, CULTURE AND INTERCULTURAL COMMUNICATION

Abstract

The authors consider the relationship between language and culture in the article. The authors argue that intercultural and international communication is very important for students of linguistics, as it allows students to learn the values of the past, understand the current situation, resolve conflicts and move into the future. It is very important for students studying a foreign language to get acquainted with the culture and history of that country. Current world political issues are intertwined with the past. We agree on any issue through language and resolve it. When teaching a foreign language, it is very important to teach the student the features of the language. When it comes to two-way communication, if the representatives of two languages are familiar with each other's customs, the relationship will be fruitful.

Keywords: language, culture, communication, foreign language, linguocultural studies.

¹ Әділбаева Ұ., Б., ² Мингхат А. Д., *¹ Дүйсенбаева Ш.

¹ Шет тілі кафедрасы, филология және әлем тілдері факультеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

² Разак технологиялық және информатика факультеті, Технология университеті, Малайзия

ТІЛ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Андатпа

Авторлар мақалада тіл мен мәдениеттің өзара қатынасын қарастырады. Мәдениетаралық және халықаралық коммуникация лингвистика саласын оқитын студенттер үшін өте маңызды, өйткені бұл пән студенттерге өткен өмірдің құндылықтарын білуге, қазіргі болып жатқан ситуацияны түсініп, арада пайда болған шиеленісті шешуге және болашақ өмірге қадам басуға жол көрсететіндігін авторлар мақалада дәлелдейді. Шетел тілін үйренетін студенттерге сол елдің мәдениеті және тарихымен таныс болу өте маңызды. Қазіргі таңда болып жатқан әлемдік саяси мәселелер өткен тарихпен ұштасып жатыр. Қандай да болмасын мәселені тіл арқылы келіс сөзге келіп, шешеміз. Шетел тілін оқытқанда тілдік сипаттағы ерекшеліктерді студентке үйрету өте маңызды. Екі жақты коммуникацияға түскенде, екі тіл өкілдері бір-бірінің салт-дәстірімен таныс болса, арадағы қарым-қатынаста жемісі болады.

Түйін сөздер: тіл, мәдениет, коммуникация, шетел тілі, лингвомәдениеттану.

¹ Адильбаева У. Б., ² Мингхат А. Д., ^{*1} Дуйсенбаева Ш.

¹ Кафедра иностранных языков, Факультет филологии и мировых языков, Казахский национальный университет им. аль-Фараби

² Реракский факультет технологии и информатики, Университет Технологии, Малайзия

ВАЖНОСТЬ ЯЗЫКА, КУЛЬТУРЫ И МЕЖКУЛЬТУРНОГО ОБЩЕНИЯ

Аннотация

В статье авторы рассматривают взаимосвязь языка и культуры. Авторы утверждают, что межкультурное и международное общение очень важно для студентов-лингвистов, поскольку оно позволяет студентам познать ценности прошлого, понять текущую ситуацию, разрешить конфликты и двигаться в будущее. Студентам, изучающим иностранный язык, очень важно познакомиться с культурой и историей этой страны. Текущие мировые политические проблемы переплетаются с прошлым. Мы согласовываем любой вопрос на языке и решаем его. При обучении иностранному языку очень важно научить студента особенностям языка. Когда дело касается двустороннего общения, если представители двух языков знакомы с обычаями друг друга, отношения будут плодотворными.

Ключевые слова: язык, культура, общение, иностранный язык, лингвокультурология.

Кіріспе

Тіл мәдениетпен бір бүтін тұтастық құрып, ажырамас бірлікте өмір сүреді. Ол мәдениеттің өн бойында қалыптасып, оның дамуындағы алғы шарттардың міндетті түрдегі басты қызметін атқарады, осылайша қайсы бір уақытта қандай да бір жерде өмір сүретін этнос мәдениетінің маңызды бөлігін құрайды. Мәдениеттің басқа салаларына қарағанда тілдің өз ортасы бар. Белгілі бір тілде сөйлейтін кез келген этнос өздерін өзге топтардан сыртқы физиологиялық айырмашылықтарымен ерекшелеп тұратын адамзат қауымының белгілі бір нәсіліне жатады. Тіл мәдениеттен тыс өмір сүрмейді, яғни біздің өмір сүру қағидалардан дан хабар беретін тәжіри-білігімізбен идеяларымызға тәуелді [1, 185 б.].

Э. Сепир тіл мәдениеттің біртұтастығын ашып көрсететін маңызды әдіснамалық көзқарастарын ұсына отырып: «Мәдениет белгілі бір қоғамның әрекеті мен ойлауының көрінісі, ал тіл қалай ойлаудың көрінісі. Ендеше, тіл мазмұны мәдениеттің бөлінбейтін бөлшегі,» - деген қорытынды жасайды [2, 193-194 бб.].

Тіл ойды жеткізу мен қарым-қатынас жасаудың құралы ғана емес, мәдени білім аккумуляциясының да басты құралы болып саналады. Күрделі таңбалық жүйені құрай отырып, тіл қандай да бір мәліметті жеткізу, сақтау, қолдану, қайта жаңғырту қызметін атқарады. Мәдениет те тіл секілді белгілі бір хабарды жеткізу қабілеті бар таңбалық жүйе

(семиотикалық) болып табылады, алайда ол тілге қарағанда өзін-өзі ұйымдастыруға қабілетсіз, себебі мәдениет ең алдымен – жады, оның басты қасиеті – жинақтау, сақтау [3, 227 б.] және абсолюттік жалпы қауымдастыққа талпыну. Өзінің абсолюттік ерекшеліктерін танытуға талпынатын тұлға қарым-қатынасқа түспей, мәдени диалог жасамайтұра алмайды. Сондықтан «тіл – ұлт (ұлттық тұлға) – мәдениет» - бүгінгі лингвомәдениеттанудың орталық үштігі, ғылымның осы саласындағы маңызды мәселелерді шешуге мұрындық болатын фокус [4, 12-13 бб.].

Зерттеу маңыздылығы

Еліміз егеменді ел болғаннан кейін көптеген әлеуметтік, саяси, экономикалық өзгерістер болғаны анық. Бұл жағдай білім саласының да қайта құрылуына қажеттілік туғызылып, жаңа реформалар жүргізіліп, бұрынғы қол жеткен жетістіктерді сақтай отырып, білім беру жүйесін әрі қарай дамыту жолдары бекітілген. Оқу орындарында үш тілде оқыту жүйесі де қаралды. Сондықтан шетел тілін оқыту саласына сұраныс артуда.

Шетел тілін оқытуда ең басты мақсат студенттерді шетел азаматтарымен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйрету. Мұнда біз мәдениетаралық коммуникацияның маңызды рөл атқаратынын көреміз. Жалпы «мәдениет» дегеніміз не? Бұл терминге ғалымдар әртүрлі анықтама берген. 1952 жылы Л. Крөбер мен Клайд Клукхуун 200 беттен аса тұратын мәдениет туралы ұғымды жазған еңбегі жарық көрді [6, 99 б.]. Бұл өте күрделі ұғым. Бұған дәлел ретінде еуропалық әдебиеттерде мәдениетке 400-дей анықтама берілгенін айтуымызға болады. Қазақ тіліне «мәдениет» термині араб тілінен «маданият» - «қала, қалалық» деген сөзінен енген [7, 13 б.]. В. Дальдің сөздігінде «культура» ұғымы: өсіру, өңдеу, күту, білім, ақыл-ой, ізгілік деген мағынада берілген. Көне заманда «культура» деген ұғым «жерді өңдеу» деген мағына білдірген. Кейінірек бұл сөздің мағынасы тереңдеп, «жанды жетілдіру» деген ұғымда жұмсалған. Уақыт өте келе еуропалық тілдерде «мәдениет» сөзі «білім беру, даму, қабілеттілік, құрметтеу» сияқты мағыналарға ие болды. «Мәдениет - жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, бірнеше ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым», - дейді академик Ә. Қайдар [8, 13 б.]. «Тілдік ерекшеліктерді зерделеу, рухани мәдениеттің қандай да болмасын құбылысын, ұлттық ерекшеліктерінің қайнар көзін, сол ұлттың, жалпы адамзаттың құндылықтар мен әлемдік мәдениет қазынасын құраудағы ұлттық мәдениеттің айрықша белгілері көрінс тапқан реалды формаларды зерттеуге қол жеткізеді» [9, 174 б.]. Сонымен қатар, тіл мәдениеттің ажырамас құрамдас бір бөлігі, әрі ол лингвомәдениеттануда рухани болмыс ретінде танылады. Яғни, тілде ұлттың дүниетанымы, әдет-ғұрпы, дәстүрлер жиынтығы, ұлттық мәдениеттің ерекшеліктері - рухани өмірі көрініс тапқан. Тіл мен мәдениет әр түрлі семиотикалық жүйеге жатқанымен, олардың өзіндік ұқсастықтары да бар. Мәдениет тіл тәрізді халықтың дүниетанымын, оның қоршаған ортаға деген қатынасын бейнелейді. Тіл мен мәдениет өте күрделі қатынаста болады. Бұл күрделілік, біріншіден, тілдің мәдениеттің құрамдас бір бөлігі болып табылатындығында болса, екіншіден, сол тіл арқылы мәдениеттің өзіндік көрініс табатындығында және бұған қоса, тіл өз алдына дербес жүйе түзейтіндігінде жатыр [10, 22-25 б.]. М. М. Копыленконың ХІ-ғасырдың өзінде ұлттық тұрмыс салтының, шаруашылық түрінің, жағрапиялық ерекшеліктерінің тілге өзіндік әсері болатынын айтқан түріктанушы Махмуд Қашғаридың бұл саладағы еңбегі ешбір себепсіз ескерілмей

келетінін айтқан көңіл аудартар жағдай: «Яркая этнолингвистическая направленность труда Махмуда Кашгари не повторяется более ни в одном лингвистическом сочинении Востока и Запада» [11, 5 б.]. М. Қашғари түркі тілдерінің сөз төркінін зерттегенде оның этимологиясын алдымен сол халықтың мәдениеті ықпал еткен тұрмыс тіршілігімен байланыстырады [12, 17 б.].

Тілмен мәдениет қоғамдағы тарихи өмір сүру кезеңдегі ажырамас процес. Өйткені тіл мәдени контекстсіз, ал мәдениет өзінің құрылымында тілсіз толыққанды жүйе ретінде қабылдануы мүмкін емес. Тіл мен мәдениеттің өзара байланысын дәлелдейтін тағы бір жайт - дүниетаным, дәстүр және әдет-ғұрып тілдік белгілерде көрініс таба отырып, тілдік дүние суретін құрайды. Дүниенің тілдік суреті «...белгілі бір ұлттық қауымдастықтың теңдесі жоқ ғажайып тарихи қоғамдық тәжірибесі, заттар мен құбылыстардың, процестердің, белгілі бір халықтың өмір салты мен мәдениет ерекшеліктерімен байланысты, оларға деген айрықша қатынастың ұлттық маңыздылығынан туындайтын ұлттық тілдік ерекшеліктері көрініс тапқан дүниенің айрықша бейнесін құрайды» [13, 66 б.].

Білім беру барысында оқытудың мынадай қызметтері атқарылатындығы белгілі: білім беру, дамыту, тәрбиелеу, ынталандыру, ұйымдастыру [14, 10 б.]. Шетел тілін үйреткенде студенттерге тек тілді ғана үйретіп қоймай, тіл мен мәдениетті бір-бірімен байланыстырып, жүйелі білім берудің маңызды жолын қарастырып, қоғамдық құбылысқа сай етіп, нақты ұйымдастырылған білімдерді жас ұрпаққа меңгерту біздің мақсатымыз.

Тіл мен мәдениет бір-бірімен тығыз байланысты, олар бірігіп ұлттық бейнені көрсетеді. Адамзат баласының ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік төл мәдениетімен ұштасып, ұлт болмысының тікелей көрінісі болып табылатын қымбат дүниесі – оның тілі. Тіл – халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан асыл қазынасы. Демек, тіл мен мәдениет – ұлттың бет бейнесі, рухани болмысы, ақыл-ойы мен парасаты. Халықтың, яғни этностың шын мәніндегі болмысы мен дүниетанымы оның тілінде ғана сақталады. Мәдениет деген ұғымның түп тамыры адамның мінез-құлқы мен адам мен қоршаған ортаның (әлеуметтік, географиялық, мәдени, өндірістік және т.б.) арасындағы өзара байланысты зерттейтін социология, психология, антропология сияқты ғылымдармен ұштасады. Шын мәнінде адамдардың мәдениеті немесе мәдени ортасы салтанат құрушы физикалық және биологиялық ортаға бейімдеу тәсілін көрсетеді. Жан сақтау мен даму үшін қажетті әдет – ғұрыптар, салт – дәстүрлер, көпшілікке ортақ мінез – құлық әлдебір әр халықта ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Уақыт өте адамдар өздері меңгерген данышпандық қасиеттерге төселіп алады да, кейінгі ұрпақ оны өз - өзінен түсінікті “өмір шындығы, даусыз ақиқат” ретінде қабылдайды. Бұл - әр кісінің немесе әлеуметтік топтың өмірде өткеретін адами болмысының тұрпаты, әлеуметтік тәжірибесі. Басқаша айтқанда, мәдениет әмбебап және белгілі бір ұлт үшін бағдарламаның айрықша үрдісі ретінде қарастырылады. Осы бағдарлама жүйесі тиісті мәдениет мүшесінің сезіміне, ойы мен іс-әрекетіне ықпалын тигізеді. Чи-Юу Чию мен Юуң-Юуи Хоңның зерттеулерінде XV – ғасырда батыс Еуропалық елдердің басқа елдерде байлық іздеуіне, колонизацияға байланысты ағылшын тіліне «мәдениет» сөзі енді [6, 99 б.]. Жалпы ғылыми түсінікте мәдениет: “cultio” “culte” терминдері латын тілінде бастапқыда жер учаскесін ауылшаруашылығы мақсатында өңдеуді білдірген. Этимологиялық жағынан латынша алғашқы мәні “топырақты өңдеу”, “жерді өңдеу” болып, кейінірек “құрметтеу”, “бас ию” мағыналарымен толыққан “colere”

етістігі барынша көне болып есептеледі. Алайда көне рим өркениеті шеңберінің өзінде “культура” терминінің мазмұндық мәні кеңейіп, жаңа мағыналармен толыққан. Алғаш рет әдебиетте “культура” сөзі теориялық термин ретінде атақты римдік шешен Марк Тулий Цицеронның “Тускуланские беседы” (біздің дәуірімізге дейінгі 45 жылы) еңбегінде кездесіп, агротехникалық термин емес, ауыспалы мағынада – адамның ақылы мен жан дүниесін өңдеу ретінде қолданылады. Осы жаңа мағынаның контекстінде “культура” сөзінің жаңа мағынасы басқа латындық “натура” (табиғат) ұғымына кереғар қойылады. Содан бері мәдениет әлемі табиғи күштер әрекетінің салдары ретінде емес тікелей табиғат тудырғандарды өңдеу мен өзгертуге бағытталған адам қызметінің нәтижесі ретінде қабылданады. XVII ғасырдың аяғына дейін “мәдениет” ұғымы тек осы ұғымда қолданылды. Алайда ағартушылық дәуірінің соңына қарай мәдениеттің жаңа, бағалық интерпретациясы қалыптасты, соған сәйкес бұл ұғым бағалау мәніне ие болды: мәдениет жабдықталған, қолайлы өмір жағдайларымен теңдестірілді. Осындай интерпретацияда XVIII ғасырда бұл ұғым Германияға келіп, көп кешікпей жаңа мәнге ие болады, білімділік пен сауаттылықтың синониміне айналады [15].

Мәдениет пен тілдің өзара қатынасы

Мәдениет бірнеше концепттерден тұрады [6, б. 101]: *материалды мәдениет* – *material culture* - дегеніміз адамзат баласының қолымен жасалған барлық стратегиялар мен системалар және жаңа технологиялар [5]; *әлеуметтік мәдениет* – *social culture* – дегеніміз қоғамда әлеуметтік қызметті дамытуға арналған барлық қоғамдық институттар [6]; *субъективті мәдениет* – *subjective culture* – дегеніміз таным-сенімдер мен құндылықтар, идеялар жиынтығы [16].

Мақалада М. Лустиг пен Ю. Көстердің мәдениет пен коммуникация арасындағы байланыс туралы анықтамасы сәйкес келеді: “*Culture is a learned set of shared interpretations about beliefs, values, norms and social practices, which affect the behaviours of a relatively large group of people*” [17]. Демек, мәдениет адам санасында өмір сүреді, мәдениет пен коммуникация арасындағы байланыс өте маңызды болып табылады. Мәдени құндылықтардың қалыптасуы көзге көрінбейді, естілмейді. Мәдениет адам бойына туа бітпейді, ол үйрену арқылы қалыптасады. Мәдениетте таным-сенімдердің атқаратын рөлі айтарлықтай. Мысалы мындай төмендегідей мысалға көз жүгіртейік:

Situation:

“The nurse cannot understand why the newly admitted patient, Mr. Asfar, is so agitated about his assigned room. He keeps insisting that the bed should be against the opposite wall, but that is impossible: the oxygen and all the telemetry for measuring respiration and heartbeat have been permanently installed on this side of the room. There is no way to move the bed because the wires are not long enough to reach to the other side.

Mr. Asfar insists that the room is unsatisfactory in its present layout. In exasperation the nurses switch him to another room that meets with his approval.”

Explanation: *Mr. Asfar was a Muslim, and he needed to be able to face the east, toward Mecca, to say his prayers five times daily. The staff at this hospital was annoyed by having to change Mr. Asfar’s room. However, most hospitals are sensitive to this highly emotional response and cooperative with patients who have such beliefs.*

The direction a hospital bed faces can affect the emotional state of a patient: those who believe in the principles of feng shui prefer to have their beds face south, however, Muslims must face the east [18].

Бүгінгі таңда адам факторы өзекті болуына байланысты тілді когнитивтік тұрғыдан зерттеуге ерекше көңіл бөлініп келеді. Мұнда тілдің объективті (сөз субъектінің адресатқа ойын жеткізуі, хабарлауы) және субъективті (адамның тілдегі бейнесі) жағына ерекше мән беріледі. Когнитивті тіл білімінің дамуына байланысты тіл мен ойдың арақатынасы жаңа қарқынмен зерттеле бастады. Когнитивті тұрғыдан алғанда, тіл мен ойлау адамның танымдық қызметінің нәтижесі болып табылады. Бұл бағыттағы зерттеулер адамның болмысты қалай концептуалдандыратыны туралы мәселеге жаңа қырынан үңілуге жол ашып, концептуалдау теориясының дамуына негіз болды. Мұндай зерттеулер тілдің ақиқат болмыс туралы білімді сақтап, жеткізуші ретіндегі қызметін ескере отырып, тілдік категориялар мен олардың құрылымдарын жаңаша сипаттауға мүмкіндік береді. Тілде көрініс таба отырып, білім адамның ойлау қызметінің нәтижесін көрсетеді. Ойлау әрекеті тіл арқылы жүзеге асады, ойымыз тіл арқылы жарыққа шығып, басқаларға жеткізіледі. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадірінше жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек», – деп жазады филология ғылымдарының докторы О. Жұбаева [19].

Е. Н. Нұрахметов “Тіл – мәдениеттің тарихын, салт-дәстүрін сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа беру арқылы белгілі бір ұлтты құрайтын ең негізгі және ең күшті қару” деген оймен тілдің мәдениеттегі орнын анықтап берсе, Құнанбаева С.С. тілді жалпы адамзат мәдениетінің трансляторы ретінде қарастырады, яғни, тілді оқытуда тілдің мәдениеттанымдық және когнитивтік- коммуникативтік қызметтеріне баса назар аудару қажет. Ғалымның пікірінше, “қазіргі кезеңде көптеген ғылыми еңбектерде мәдениетаралық қарым-қатынастың аспектілері ретінде «тіл-сана-мәдениет» қарастырылуда. Бұл конкурс осындай біртұтас қалпында қарастырылуы тиіс”. “Мәдениетаралық коммуникация” термині тар мағынасында әдебиетте 1970 – жылдары пайда болды. Сол кезге қарай мәдениетаралық қатынас жағдайларында коммуникативтік сәтсіздіктер мен олардың салдарын зерттейтін ғылыми бағыт та жасақталды. Соңынан мәдениетаралық коммуникация ұғымы аударма теориясы, шет тілдерді оқыту, салыстырмалы культурология, контрастивті прагматика және басқа салаларға тарады.

Мәдениетаралық коммуникация жеке ғылым ретінде АҚШ-рының сыртқы саясатының қайта құрылуына байланысты дамыды. Вашингтонда шетелге жіберілетін дипломаттарды даярлайтын шетелдік қызмет көрсету институты (Foreign Service Institute in Washington) құрылды. Институтта антропологистер, лингвистер мен психологтар оқыту програмысын құру үшін бірігіп жұмыс істеді. Лингвистер тіл мен өзге мәдениеттің өзара қатынасын зерттесе, антропологистер мәдениетті қабылдаумен бейвербальды коммуникацияның жүзеге асуын қарастырды; ал психологтар адамзаттың мәдени мінез-құлқының танымдық процесін анықтады. Мәдениетаралық коммуникация пәні

антропология, социология, лингвистика, психология, тарих, география, халықаралық қатынастар, музыка мен өнер және т. б. пәндерді бір-бірімен біріктіреді.

Эдвард Т. Хол айтқандай, мәдениет - біздің мәдениет туралы білімімізге қарағанда көп нәрсені жасырады. Мәселен, 1976 ж. Эдвард Т. Хол мәдениеттің айсберг ұқсастығы үлгісін құрастырды (Сурет 1). Оның көз қарасы бойынша, біз мәдениеттің бір ғана бөлігін су бетінен көреміз, ал қалған бөліктері су астында жасырынып тұр. Демек, мәдениетті үйренуде танымды және танымсыз әрекет жүзеге асады. Танымды мәдени әрекетке білім мен таным, сенімдер жатса, танымсыз әрекетке мәдени құндылықтар мен халықтың менталитеті жатады. Э. Т. Хол мәдениетті үйренудің бір ғана жолы – мәдени шараларға активті түрде қатысу, яғни, мәдени құндылықтарды түсіну үшін оны адам бастан кешіру керектігін айтады. Мәдениетаралық коммуникацияда түсінбеушілік туындағанда адам өзін суға батып бара жатқан кемеде екендігін түсінеді.



Сурет 1 Эдвард Т. Хол мәдениеттің айсберг ұқсастығы үлгісі

Сонымен қатар, Эдвард Т. Хол мәдениетті екіге бөліп қарайды, жоғарғы және төменгі контексті мәдениет. Жоғарғы контексті мәдениет дегеніміз – берілетін информация тек бір-екі сөзбен ғана айтылып, көп жағдайда дене тілі арқылы (body language) жүзеге асады. Мұндай мәдениет иелеріне Жапония, Африка, Азия және Мексико мен Үндістан халықтары жатады.

Ал, төменгі контексті мәдениетте, адамдар бір-бірімен информацияны бірнеше сөйлемдер арқылы алмасады, яғни, коммуникацияға түскенде толық ақпаратты сөйлемдер арқылы береді. Мұндай мәдениет иелеріне Алмания, Швейцария, Англия және Солтүстік Америка тұрғындары жақсы мысал бола алады.

Неміс философы тіл зерттеуші В. Гумбольдтың [20] пікіріне тоқталсақ, ғалым тіл бұл халықтың жаны, онда «ұлттық сипат» ұлтқа тән ерекшеліктер бар, адамдар арасында қарым-қатынас құралы ретінде ойды бейнелеу құралы болу – тілдің ең маңызды функциясы болып табылады деп санайды. Өз туған төл тілі мен шет тілін меңгеру, тану арасында түбегейлі ерекшеліктер бар [21, 22]. Ғалымдардың пікірінше бала ана тілінің негізгі ерекшеліктерін 5 жасқа дейін, яғни импринтинг жас шамасында игеріп алады. «Импринтинг» ағылшынша imprint [23] із қалдыру, әсер ету сөзінен алынған, үйрену дағдылардың ерекше түрі, осы кезде бала санасында ата-аналары мен қоршаған адамдардың мінез-құлық актілерін ажырату белгілері, тілдік сипаттағы ерекшеліктерді

игеруі қалыптасады деп тұжырымдайды. Ағылшын тілін оқытуда, ағылшын тілді елдің мәдениетін оқыту маңызды [24].

Қорытынды

Шет тілі пәнінің ерекшелігі оқыту мақсаты пән туралы білімдерді меңгерумен ғана шектелмей, түрлі тілдік қарым-қатынастағы дағдылар мен іскерліктерді қалыптастыруға да мүмкіндіктер беретіндігінде. Шет тілі басқа да практикалық сипаттағы оқу пәндері сияқты, меңгеру бағытында кең көлемдегі даярлық жаттығуларын талап етеді. Тек сол жаттығулар негізінде дағдылар мен іскерліктер қалыптасады. Шетел тілі ең алдымен дербес ой – пікірді білдіру және өзге адамдардың ой-пікірлерін түсіну құралы болады, жазба және ауызша тақырып бойынша пікір алмасуға негізгі қызмет атқарады. Шет тілінің оқу пәні ретіндегі тағы бір ерекшелігі оған шек қойылмауында, яғни тілді өмір бойы үйренуге болады. Мәдениетаралық коммуникацияның ғылым ретінде қалыптасуы түрлі мәдениет өкілдерінің өзара қатынасы проблемаларын өзектендіру салдарынан маңызды мәнге ие болады деген қорытындыға келеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. Пер.с.нем. – Москва, 2000. – 400 с.
2. Сепир. Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. – Москва, 1999. – 404 с.
3. Поршнев В.Ф. О начале человеческой истории. – Москва, 1974. – 350 б.
4. Ларин Б.А. О народной фразеологии // Ларин Б.А. История русского языка и общее языкознание. – Москва: Просвещение, 1997. -380 б.
5. Harris M., Kultuline antropologija, Vilnius, 1998, 14 page.
6. Loreta Chodzkiene, What every student should know about intercultural communication, Vilnius, 2014
7. Абилхаирова Ж. А., Филолог студенттердің тіл мәдениетін жетілдіру әдістемесі, диссертация, Қазақ Мемлекеттік Педагогикалық Университеті, Алматы, 2010 ж.
8. Қайдар Ә., Қазақ тілінің өзекті мәселелері, Алматы, Ана тілі, 1998 ж.
9. Кукушкина Е. И. Познание, язык, культура. М.: «МГУ», 1984, 263 с.
10. Ислам Айбарша, Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті, диссертация, Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері Университеті, Алматы, 2004 ж.
11. Копыленко М. М., Основы этнолингвистики, Алматы, 1998 г.
12. Кашгари М. Дивану лугат-ат-турк.
13. Маслова В. А. Лингвокультурология. - М., 2001 г.
14. Қашқынбаева З. Қ., Оқыту үдерісінде оқушылардың ғылыми тілмен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, диссертация, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы, Алматы, 2010 ж.

15. Арзан Жумагулова, Мәдениетаралық коммуникация - түрлі мәдениет иелерінің арасындағы тілдік қатынас құралы, <http://group-global.org/ru/publication/24908-mdeniataralyk-kommunikaciya-turli-mdeniet-ielerinin-arasyndygy-tildik-katynas>
16. Geertz C., Local knowledge: Further essays in Interpretive Anthropology. New York, 1983.
17. Lustig M. W. & Koester J., Intercultural Competence: Interpersonal Communication Across Cultures, page 25 – 53, 2010.
18. Dresser Norine, Prayer Position. Multicultural Manners: Essential Rules of Etiquette for the 21st Century. New Jersey: John Wiley & Sons, Inc., p. p. 110-111, 2005.
19. Жұбаева О., А. Байтұрсынұлы – қазақ тіл біліміндегі когнитивті лингвистиканың негізін салушы, <http://adebiportal.kz/a-bayt-rsyn-ly-aza-t-l-b-l-m-ndeg-kognitvt-lingvistikany-neg-z-n-salushy.page/>
20. Гумбольдт В., История языкознания XIX – XX вв. В очерках и извлечениях, - М., 1964 г. 145 с.
21. Kassymova G. (2018). Competence and its implications. Challenges of Science. <https://doi.org/10.31643/2018.063>
22. Қасымова Г. К. Шетел тілін оқытуда мәдениетаралық қатысым құзіреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ, «Көптілді білім беру және шетел тілдері филологиясы» сериясы, №4(16), 2016 ж., б. 94-98.
23. Джурицкий А. Н., История зарубежной педагогики, учебное пособие для вузов. - М.: ФОРУМ – ИНФРА, 1998 г. 272 с.
24. Fauzi, C., Basikin, Duisenbayeva, S., Kassymova, G. (2020). Exploring EFL Students Teacher Readiness and Gender Differences of Learner Autonomy. Bulletin the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 1(383), 288–299. <https://doi.org/https://doi.org/10.32014/2020.2518-1467.34>